Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі
(тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	"Astana Venue Management" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Ұйымдастырушының атауы:	"Astana Venue Management" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Конкурстың №:	№ 17995677-1
Конкурстың атауы:	2027–2028 жылдарға арналған «Бейбітшілік және Келісім сарайы» объектісіндегі ғимараттың лифт шаруашылығына техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер
Лоттың нөмірі:	№ 88362020-ОК1
Лоттың атауы	Лифтілерді/лифт шахталарын/эскалаторларды/траволаторларды/мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді және соған ұқсас жабдықтарды техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	331215.200.000000
Қызметтің атауы:	Лифтілерді/лифт шахталарын/эскалаторларды/траволаторларды/мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді және соған ұқсас жабдықтарды техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	12068100
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	12068100

Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	
Қызмет көрсету мерзімі	техникалық сипаттамаға сәйкес
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	24
Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	Техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді Орындаушы бекітілген кестеге сәйкес ай сайын көрсетеді. 1. Техникалық қызмет көрсетілетін лифтілердің атауы: 1.1. «Siglen» жолаушыларға арналған электр лифтілері – 4 дана: • Жүк көтергіштігі – 1250 кг. • Сыйымдылығы – 12 жолаушы. • Номиналды қозғалыс жылдамдығы – 1 м/с. • «Ревизия» режиміндегі қозғалыс жылдамдығы – 0,21 м/с. • Басқару жүйесі – аралас жинақтаушы жүйе. • Тоқтау алаңдарының саны – 9. • Лифт шахтасының есіктерінің саны – 9. • Көтерілу биіктігі – 44 м. 1.2. «Siglen» жолаушыларға арналған гидравликалық лифті – 1 дана: • Жүк көтергіштігі – 400 кг. • Сыйымдылығы – 3 жолаушы. • Номиналды қозғалыс жылдамдығы – 1 м/с. • «Ревизия» режиміндегі қозғалыс жылдамдығы – 0,25 м/с. • Басқару жүйесі – электрондық. • Тоқтау алаңдарының саны – 2. • Лифт шахтасының есіктерінің саны – 2. • Көтерілу биіктігі – 18,7 м.

Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	Қызмет көрсету мерзімі: 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қоса алғанда). 2. Ай сайынғы техникалық қызмет көрсетуге қойылатын талаптар: 2.1. Тежеу құрылғысын тексеру: 2.1.1. Саңылауларды тексеру және реттеу: қамыт пен якорь арасындағы саңылау 2–4 мм болуы тиіс; фрикциялық төсемдер мен тежегіштің жартылай муфтасы арасындағы саңылау 0,5–0,8 мм шегінде болуы тиіс; 2.1.2. Топсаларды майлау; 2.1.3. Бөлшектердің бекітпелері мен сымдардың клеммалық қосылыстарын тексеру және қатайту; 2.1.4. Лифтіні қабаттар бойынша сынақтан өткізу кезінде тежегіштің екі бағыттағы жұмысын тексеру. Бұл ретте кабинаның қабаттарда тоқтау дәлдігі едендік көлік құралдарымен тиелетін жүк лифтілері мен аурухана лифтілері үшін ±15 мм-ден, ал қалған лифтілер үшін ±50 мм-ден аспауы тиіс; 2.1.5. Тежегіш серіппелерінің орамдары арасындағы саңылауларды тексеру. Саңылау кемінде 1,5 мм болуы тиіс; 2.1.6. Серіппелердің қысылуын контргайкалармен бекіту. 2.2. Автоматты жылжымалы есіктері бар лифтілер шахтасы есігінің жоғарғы арқалығына орнатылған жабдықты тексеру: 2.2.1. Саңылауларды тексеру және реттеу: шахта есігінің блок-контактілерінің штоктары мен автоматты құлыптардың алаңшалары арасында – 1–1,5 мм; құлыптардың ілмектері мен кареткалардың тіректері арасында – 1–1,5 мм; қарсы роликтер мен бағыттаушы рейкалар арасында – 0,2 мм-ден аспауы тиіс; құлып роликтері мен бұру құрылғысының бүйір жақтары арасында – 6–10 мм; 2.2.2. Мыналарды тексеру және реттеу: құлып ролигінің бұру құрылғысының ойығына кіру тереңдігі – 10–15 мм; иінтіректер саусақтарының құлып ілмектерімен ілінісуі – иінтірек саусағы ілмек корпусын кемінде 2 мм жауып тұруы тиіс; шахта есігінің блок-контактісі штогының жүрісі – 2–4 мм; 2.2.3. Есік жармаларының қалпын бекітетін тірек болттарын реттеу және оларды контргайкалармен бекіту; 2.2.4. Бағыттаушы рейкалардың, қарсы роликтердің, құлып кронштейндерінің, иінтірек саусақтарының, каретка тіректерінің, блок-контактілер корпустарының және сымдардың клеммалық қосылыстарының бекітпелерін тексеру және қатайту; 2.2.5. Шахта есіктерінің автоматты құлыптармен жабылуын бақылайтын блок-контактілердің және есік жармаларының жабылуын бақылайтын блок-контактілердің жарамдылығын тексеру. Блок-контактілердің ажыратылуы автоматты құлыптың ашылуынан бұрын жүзеге асырылуы тиіс; 2.2.6. Шахта есіктері құлыптарының сенімді жұмыс істеуін тексеру. 2.3. Жарықтандыру және сигнал беру жүйелерін тексеру: 2.3.1. Дыбыстық және жарық сигнализациясының, сондай-ақ сөйлесу байланысының жарамдылығын тексеру; 2.3.2. Сигнал беру құрылғыларындағы, лифт шахтасы мен машина бөлмесіндегі жанып кеткен шамдарды тексеру және ауыстыру. 2.4. Басқару панелін тексеру: 2.4.1. Барлық релелер мен контакторлардың түйіспелерінің ашылу саңылаулары мен тұйықталу аралықтарын техникалық шарттардың талаптарына сәйкестендіру, уақыт релесінің ұстап тұру уақытын тексеру; 2.4.2. Сымдардың клеммалық қосылыстарын, электр аппараттары корпустарының бекітпелерін тексеру және қатайту, қозғалмалы бөлшектердің

	кептелуін жою; 2.4.3. Релелер мен контакторлардың түйіспе беттерін күйіктен тазарту; 2.4.4. Лифтінің электр схемасына сәйкес жерге тұйықтаудың бар-жоғын және дұрыстығын тексеру; 2.4.5. Лифтінің барлық жұмыс режимдерінде электр схемасы мен электр аппараттарының жұмысын тексеру. 2.5. Арқан тартқыш шкивті тексеру: 2.5.1. Жарылған жерлердің, жарықтардың және басқа да механикалық зақымданулардың жоқтығына көз жеткізу; 2.5.2. Арқандар мен арқан тартқыш шкивтің жырашығының түбі арасындағы саңылауларды тексеру. Саңылау кемінде 2 мм болуы тиіс; 2.5.3. Арқандардың жырашықтарға біркелкі отырмауының жоқтығына көз жеткізу. Отыру деңгейінің біркелкі болмауы 0,5 мм-ден аспауы тиіс; 2.5.4. Арқан тартқыш шкивтің бекітпелерін тексеру және қатайту. 2.6. Электр қозғалтқышын тексеру: 2.6.1. Буферлік саусақтардың, сымдардың клеммалық қосылыстарының және жерге тұйықтау элементтерінің бекітпелерін тексеру және қатайту; 2.6.2. Жалғастырғыш жартылай муфталардың сенімді бекітілгеніне көз жеткізу; 2.6.3. Мойынтіректерде майлаудың болуын тексеру, электр қозғалтқышын тазалау. 2.7. Шектік ажыратқыштарды тексеру: 2.7.1. Түйіспе беттерін тексеру және тазалау, бөлшектердің бекітпелері мен сымдардың клеммалық қосылыстарын қатайту; 2.7.2. Кабина шеткі тоқтау орындарынан 70–100 мм өткен кезде шектік ажыратқыштың дұрыс жұмыс істеуін тексеру. 2.8. Арқандарды тексеру: 2.8.1. Арқандарды артық майлаудан тазарту; 2.8.2. Орау қадамы бойынша сым үзілу санының, өрімдердің үзілуінің және беткі тозу деңгейінің ПУБЭЛ-де көрсетілген шектерге сәйкес екеніне көз жеткізу; 2.8.3. Майлау картасына сәйкес арқандарды майлау. 2.9. Кабина мен қарсы салмақтың бағыттағыштарын тексеру: 2.9.1. Бағыттағыштардың бойлық және көлденең бағыттардағы түзу сызықтылығын, сондай-ақ тіктігін тексеру және штихмас бойынша өлшеу. Кабина мен қарсы салмақ бағыттағыштарының беттері арасындағы штихмас бойынша қашықтық бүкіл ұзындығы бойынша 2 мм дәлдікпен сақталуы тиіс; 2.9.2. Түйіскен жерлерде шығыңқы бөліктердің жоқтығына көз жеткізу. Түйіскен жерлердегі бағыттағыш бастиектерінің ығысуы 0,2 мм-ден аспауы тиіс, шығыңқы жерлер міндетті түрде тегістелуі қажет; 2.9.3. Бағыттағыштардың, кронштейндердің және ендірме бөлшектердің бекітпелерін тексеру және қатайту; 2.9.4. Бағыттағыштарды тазалау және майлау. 2.10. Кабина башмактарын тексеру: 2.10.1. Бағыттағыштар мен кабина башмактары төсемдерінің жұмыс беттері арасындағы саңылауларды тексеру және реттеу. Бойлық бағыттағы саңылаулар 4 мм-ден, ал көлденең бағытта бір жаққа 2 мм-ден аспауы тиіс. 2.11. Қабаттық ауыстырып-қосқыштарды тексеру: 2.11.1. Ролик осьтерінің ұштары мен аралас бұру құрылғысының түбі арасындағы саңылауларды тексеру және реттеу. Саңылаулар 10–12 мм шегінде болуы тиіс; 2.11.2. Қабаттық ауыстырып-қосқыштардың аралас бұру құрылғысына қатысты орналасуын тексеру: роликтер бұру құрылғысының түзу сызықты бөлігінде орналасқан кезде олардың иінтіректері тік қалыпта болуы тиіс; 2.11.3. Қабаттық ауыстырып-қосқыш корпусы мен аралас бұру құрылғысы арасындағы саңылаулар 10–15

	мм шегінде болуы тиіс; 2.11.4. Барлық бөлшектердің бекітпелерін және сымдардың клеммалық қосылыстарын қатайту; 2.11.5. Түйіспелердің жүрісін 2–4 мм шегінде реттеу; 2.11.6. Роликтердің осьтерін майлау. 2.12. Шахтаның жылжымалы есіктерін тексеру: 2.12.1. Портал жақтауы мен есік жармалары арасындағы саңылауларды тексеру және реттеу. Саңылау 3–5 мм болуы тиіс; 2.12.2. Табалдырық пен шахта есігі жармаларының төменгі шеткі беттері арасындағы саңылауларды тексеру және реттеу. Саңылау 3–5 мм болуы тиіс; 2.12.3. Есік жармаларының, башмактардың және амортизаторлардың бекітпелерін тексеру және қатайту; 2.12.4. Есік жармалары жабылған кезде кептелмейтініне көз жеткізу. 2.13. Кабинаның автоматты жылжымалы есігін тексеру: 2.13.1. Есік жармаларының жақтауы мен кабина қабырғасының жақтауы арасындағы саңылауларды тексеру және реттеу. Саңылау 3–5 мм болуы тиіс; 2.13.2. Кабина табалдырығы мен есік жармаларының төменгі шеткі беттері арасындағы саңылауларды тексеру және реттеу. Саңылау 3–5 мм болуы тиіс; қарсы роликтер мен бағыттаушы рейкалар арасындағы саңылау 0,2 мм-ден аспауы тиіс; 2.13.3. Жетек ролигі мен каретка тірегі арасындағы, сондай-ақ кабина есігінің механикалық құлпының тірегі мен реттеу болтының басы арасындағы саңылауларды тексеру және реттеу. Саңылау 1–2 мм болуы тиіс; 2.13.4. Реттеу аяқталғаннан кейін болттың орналасуын контргайкамен бекіту; 2.13.5. Кабина есігінің жабылуын бақылайтын түйіспелердің жүрісін тексеру және реттеу; 2.13.6. Кабина есіктерінің жармалары ашылған және жабылған кезде электр жетегін ажырататын шектік ажыратқыштар түйіспелерінің жүрісін 2–4 мм шегінде тексеру және реттеу; 2.13.7. Есік жетегінің редукторындағы май деңгейін тексеру және қажет болған жағдайда май құю; 2.13.8. Есік жармаларын ашу механизмінің белдігінің тартылуын реттеу; 2.13.9. Есік жармалары арасындағы байланыстырушы арқанның тартылуын реттеу; кабина есіктерінің жармаларын ашу механизмінің бөлшектерінің, есік жармаларын жабу серіппелерінің, кареткалардың, тіректердің, кабина есіктері жармаларының, бағыттаушы рейкалардың, роликтердің, башмактардың, бұру құрылғыларының, блок-контактілердің және олардың корпустарының, сондай-ақ сымдардың клеммалық қосылыстарының бекітпелерін қатайту. 2.14. Кабинадағы батырмалы басқару панелін тексеру: 2.14.1. Кез келген бұйрық батырмасын басқан кезде кабинаның өзі бағытталған қабатқа келетініне көз жеткізу; 2.14.2. Батырмалардың және олардың жазуларының жай-күйін тексеру: басуды тоқтатқан кезде батырмалар бастапқы қалпына еркін оралуы тиіс; 2.14.3. «Тоқтату» батырмасының дұрыс жұмыс істеуін тексеру. 2.15. Шақыру құрылғыларын тексеру: 2.15.1. Сымдардың клеммалық қосылыстары мен бөлшектерінің бекітпелерін тексеру және қатайту, түйіспе беттерін күйіктен тазарту; 2.15.2. Шақыру құрылғыларының дұрыс жұмыс істеуін тексеру. 2.16. Кабина мен қарсы салмақтың аспаларын тексеру: 2.16.1. Теңгергіштің жай-күйін тексеру, қисаю болған жағдайда иіндерін теңестіру; 2.16.2. Қысқыштардың бекітпелерін тексеру және қатайту, арқан ұстағыштардағы және

	теңгергіш біліктеріндегі контргайкалар мен шплинттердің болуына ерекше назар аудару. Шплинттердің ұштары қажетті ұзындыққа дейін қысқартылып, ажыратылуы, ал контргайкалар мықтап тартылуы тиіс; 2.16.3. Майлау картасына сәйкес теңгергіш аспасының топсаларын майлау. 2.17. Қарсы салмақты тексеру: 2.17.1. Бағыттағыштар мен башмак төсемдері арасындағы саңылауларды тексеру және реттеу: штихмас бойынша саңылаулар 4 мм-ден, көлденең бағытта бір жаққа 2 мм-ден аспауы тиіс; 2.17.2. Жиналмалы жүкте жарықтар мен сынықтардың жоқтығына көз жеткізу; 2.17.3. Жиналмалы жүктің қысқыш планкалармен сенімді бекітілгеніне көз жеткізу. Жеке жүктердің бүйірге қарай ығысуы 5 мм-ден аспауы тиіс; 2.17.4. Майлау құрылғыларына май құю; 2.17.5. Башмактар мен қаңқа бөлшектерінің бекітпелерін тексеру және қатайту. 2.18. Кабина салонын тексеру: 2.18.1. Кабина салонының қаңқаға, сәндік пластиктің, жақтаулардың және панельдердің бекітпелерін тексеру және қатайту; 2.18.2. Лифтіні пайдалану қағидаларының және ескерту жазуларының болуын тексеру (олар болмаған жағдайда жаңаларын орнату). 2.19. Жылдамдық шектегішінің керу құрылғысын тексеру: 2.19.1. Керу құрылғысын кір мен шаңнан тазарту; 2.19.2. Құрылғыны қарап тексеру және бекітпелерін қатайту; 2.19.3. Топсалар мен шкив осьтерін майлау, сынықтардың, жарықтардың және басқа да ақаулардың жоқтығына көз жеткізу; 2.19.4. Керу құрылғысының көлденең жазықтықтан ауытқуы 33 градустан асқан жағдайда жылдамдық шектегішінің арқанын қайта өткізу. 2.20. Кіріс құрылғысын тексеру: 2.20.1. Кернеу астында қалған бөліктерді көзбен шолып тексеру, қажет болған жағдайда кернеуді ажырату; 2.20.2. Жерге тұйықтау өткізгішінің бекітпесін тексеру және қатайту; 2.20.3. Сымдардың клеммалық қосылыстарын тексеру және қатайту; 2.20.4. Пинцеттердің қысқыштары арасындағы саңылауларды тексеру және реттеу. Саңылаулар пышақтардың қалыңдығының жартысына тең болуы тиіс; 2.20.5. Жерге тұйықтау тізбегінің жарамдылығына көз жеткізу. 2.21. Буферлік құрылғыларды тексеру: 2.21.1. Дұрыс орнатылғанын тексеру; 2.21.2. Гидравликалық буферлерде майдың болуын тексеру. 2.22. Электр жабдықтарының жерге тұйықталуын және лифт сымдарының оқшауламасын тексеру: 2.22.1. Жерге тұйықтау өткізгіштерінің қосылыстарының жай-күйін қарап тексеру; 2.22.2. Сымдар оқшауламасының жай-күйін қарап тексеру. 3. Лифтінің бұзылуының алдын алу және ағымдағы ақауларды жою мақсатында Орындаушы Тапсырыс берушінің объектісінде күн сайын сағат 08:30-дан 18:30-ға дейін, сондай-ақ іс-шаралар өткізілген кезде олар аяқталғанға дейін қызмет көрсету бекетін ұйымдастыруы тиіс. 3.1. Қызмет көрсету бекетінің қызметкері өткізілетін іс-шаралар басталғаннан бастап аяқталғанға дейін лифтке тиелетін материалдардың тасымалдануын бақылауы тиіс. 4. Қызметтер көрсетудің жалпы шарттары: 4.1. Шарттың қолданылу кезеңінде техникалық және сервистік қызмет көрсету үшін қажетті барлық шығыс материалдарын, жөндеу жұмыстарын және істен шыққан немесе қажетті жабдықтарды, егер олардың құны ай сайынғы төлем сомасының 20%-ынан аспаса, Орындаушы

	өз қаражаты есебінен сатып алып, орнатуы тиіс. 4.2. Лифтілерде ақау туындаған жағдайда, Тапсырыс берушінің талабы бойынша демалыс, мереке және жұмыс күндеріне қарамастан, білікті мамандарды тәулік бойы шақыру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Мамандар 30 минут ішінде келуі тиіс. 4.3. Тапсырыс беруші әр айдың басында ұсынатын іс-шаралар жоспарына сәйкес әрбір іс-шара басталғанға дейін екі тәулік бұрын лифтілердің жұмысқа жарамдылығын тексеруді және сынақтан өткізуді қамтамасыз ету. Тексеру жүргізілгені тиісті актімен расталуы тиіс. Әрбір іс-шара кезінде Орындаушы қызмет көрсету бекеттерінің санын екіге дейін арттыруы тиіс. 4.4. ҚР Мемлекеттік тау-кен техникалық қадағалау органдарының нұсқамаларын белгіленген мерзімде орындау және бақылаушы органдардан келіп түскен нұсқамалар туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету. 4.5. Апатқа немесе жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін бұзушылықтар мен ақаулар анықталған жағдайда, олар жойылғанға дейін лифтілердің жұмысын тоқтату. 4.6. Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары әзірлеген қолданыстағы нормативтік актілердің, нұсқаулықтардың, қағидалардың және нұсқамалардың талаптарын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау. 4.7. Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының, «Қауіпті өндірістік объектілер мен өзге де ұйымдардың мамандары мен жұмыскерлерін өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша даярлау және қайта даярлау» талаптарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығымен бекітілген жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының (бұдан әрі – ҚАҒИДАЛАР) талаптарына сәйкес барлық міндетті қызметтерді техникалық қызмет көрсету кестелеріне және жоспарлы-алдын алу жұмыстарына (бұдан әрі – ЖАЖ) сәйкес белгіленген мерзімдерде орындау. 4.8. Жоспарлы-алдын алу жұмыстарының кестесіне сәйкес кезекті күрделі жөндеуге дейін ғимаратта орналасқан барлық жабдықтардың сенімді әрі қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету. 4.9. Тапсырыс берушінің лифтілеріне ҚАҒИДАЛАРҒА сәйкес жылына 1 рет уәкілетті орган өкілінің және Тапсырыс беруші өкілінің қатысуымен мерзімді техникалық куәландыру жүргізуді, сондай-ақ қажеттілігіне қарай толық және ішінара куәландыруларды қамтамасыз ету. 4.10. ҚАҒИДАЛАРҒА және Қазақстан Республикасының қағидаларына қайшы келмейтін зауыт-дайындаушының нұсқаулықтарына сәйкес мерзімді тексерулер мен техникалық қызмет көрсетуді жүргізу. 4.11. ҚАҒИДАЛАРҒА сәйкес лифтілерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі регламенттеуші құжатты әзірлеу және қолданысқа енгізу. Аталған құжатта лифтілерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары көзделуі тиіс. Жұмыс кестесін міндетті түрде ұсыну. 4.12. Кәсіпорын бойынша бұйрықпен ҚАҒИДАЛАРҒА, лауазымдық нұсқаулықтарға (ережелерге) және өзге де нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес техникалық қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға жауапты тұлғаны тағайындау. 4.13. Іс-шараларды өткізу

	кезінде Орындаушының қызметкерлері іс-шараның бүкіл уақытында лифтілердің жұмысын бақылауға міндетті. 4.14. Орындаушы Тапсырыс беруші әр айдың басында ұсынатын іс-шаралар жоспарына сәйкес әрбір іс-шара басталғанға дейін бір күн бұрын лифтілердің жұмысқа жарамдылығын тексеруді және сынақтан өткізуді қамтамасыз етуі тиіс. 4.15. Орындаушының қызметкерлері объектіде арнайы киіммен, лифт ақауларын анықтауға арналған барлық қажетті мамандандырылған құралдармен, өлшеу және диагностикалық аспаптармен жабдықталған күйде болуы тиіс. 4.16. Атмосфералық жауын-шашын (жаңбыр) лифт шахтасына түскен жағдайда, судың кіруіне жол бермеу мақсатында электромеханиктер Тапсырыс берушімен келісу бойынша лифтіні тоқтатып, тиісті қабатта бекітуге және тиісті ескерту хабарламасын орналастыруға міндетті. 4.17. Лифт шахталарының шұңқырларына жер асты немесе еріген су түскен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушының жәрдемімен суды сорып шығару және лифт шұңқырларын құрғату жөніндегі іс-шараларды жүргізуге міндетті. 4.18. Ауқымды бұзылуларға немесе еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты емес лифтілердегі авариялық жағдайларды диспетчерге өтінім түскен сәттен бастап 5 сағаттан аспайтын мерзімде жоюды қамтамасыз ету. Жұмыстар жұмыс күндері сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін жүргізіледі. 4.19. Бұзылған лифт ішінде қалып қойған адамдарды диспетчерлік қызметтің телефонына өтінім түскен сәттен бастап кез келген уақытта 1 сағаттан кешіктірмей босатуды қамтамасыз ету. 4.20. Жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмыс орнын таза ұстау. 4.21. Уәкілетті органдар жүргізетін тексерулерге қатысу. 4.22. Лифтіні (жабдықты) қасақана бүлдіру салдарынан істен шығару туралы акт жасау жөніндегі комиссия жұмысына қатысу, кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту және жөндеу құнын анықтау үшін қажетті мәліметтерді ұсыну. 4.23. Тапсырыс берушімен келісу және оның қаржыландыруы шартымен лифтілердің жұмыс сенімділігін арттыруға және электр энергиясын үнемдеуге бағытталған іс-шараларды енгізу. 4.24. Алынған лифт паспорттарын сақтау және лифтілер мен лифт жабдықтарын жаңғыртуға, бөлшектерін ауыстыруға, күрделі немесе қалпына келтіру жөндеуіне байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде лифт паспорттарына қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу. Паспорттардың сақталуына жауапты болу. 4.25. Лифтіні пайдалану шарттарының өзгеруіне байланысты жоспарлы-алдын алу жөндеу кестесінен ауытқуларды (жабдықтың су басу салдарынан бүлінуі, қыс мезгілінде мұз қатуы және т.б.) Тапсырыс берушімен келісу. 4.26. Лифт 12 сағаттан астам уақытқа тоқтатылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар ету. 4.27. Техникалық қызмет көрсетудің тиісінше орындалмауы салдарынан туындаған лифтілердің барлық ақауларын өз қаражаты есебінен жою. 4.28. Тапсырыс берушінің жұмыс тәртібіне сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, лифтілерге техникалық қызмет көрсету бойынша көрсетілген қызметтердің сапасына және олардың нормативтік құжаттар мен зауыт-дайындаушының пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкестігіне кепілдік беру. 4.29.

	Жұмыс жоспарларын, лифтілерді техникалық тексеру мерзімдерін, ағымдағы және жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу кестелерін және оларға енгізілетін өзгерістерді әзірлеу, Тапсырыс берушімен келісу және оларды қатаң сақтау. 4.30. Моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген лифтілерді, сондай-ақ одан әрі пайдалану лифтілердің қауіпсіз әрі үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етпейтін жекелеген бөлшектерді, тораптар мен механизмдерді ауыстыру қажеттілігі туралы Тапсырыс берушіні уақтылы хабардар ету. 4.31. Жолаушылар ҚАҒИДАЛАРДЫ бұзған жағдайда лифтілердің жұмысын тоқтату. Мұндай жағдайларда лифтілерді пайдалануға тек Тапсырыс беруші барлық бұзушылықтарды жойғаннан кейін Орындаушы ғана қайта қоса алады. 4.32. Лифт кабиналарында Орындаушының авариялық және диспетчерлік қызметтерінің байланыс деректері көрсетілген лифтіні пайдалану қағидаларын әзірлеу, келісу және орналастыру. 4.33. Лифтілерді пайдалану кезінде техникалық қауіпсіздік талаптары мен қағидаларындағы өзгерістер туралы Тапсырыс берушіні уақтылы хабардар ету, сондай-ақ лифтілерді техникалық жетілдірудің ықтимал жолдары, оларды пайдалану қағидаларының бұзылуы немесе вандализм әрекеттері туралы ұсынымдар беру. 4.34. Жүргізілген жұмыстарды есепке алу журналын міндетті түрде жүргізу. Журналда лифтілерге техникалық қызмет көрсету бойынша орындалған қызметтердің күні мен тізбесі көрсетіліп, Орындаушы мен Тапсырыс беруші өкілдерінің қолдары қойылуы тиіс. 4.35. Жұмыстарды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарын сақтау. 4.36. Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 күнтізбелік күн ішінде жұмыстар жоспарларын және қызмет көрсету бекетінің бір сағаттық жұмыс құнын көрсете отырып, сомалардың егжей-тегжейлі есептемесін ұсыну. 4.37. Орындалған жұмыстар актісімен (ОЖА) бірге мемлекеттік сатып алу порталы арқылы ай сайынғы техникалық қызмет көрсету бойынша жүргізілген жұмыстардың сомаларын егжей-тегжейлі көрсете отырып, көрсетілген қызметтердің фотоесебін қоса тіркеп, есеп ұсыну. 4.38. Анықталған барлық ақаулар мен жарамсыздықтар бойынша комиссия құрамында міндетті түрде ақау актісін жасау. 4.39. Орындаушы талап етілетін қызмет көрсету бекеттерін ұсынбаған және шарт талаптарын сақтамаған жағдайда, Тапсырыс беруші шарт сомасын азайту құқығын өзіне қалдырады. 4.40. Тапсырыс беруші төлемді шарт талаптарына сәйкес, жеткізуші ұсынған электрондық көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, жеткізуші актіні айдың 30/31-күнінен ерте емес және келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей ұсынған жағдайда, тек нақты көрсетілген қызметтер үшін толық көлемде ай сайын жүргізеді. Ескертпе: • Көрсетілетін барлық қызметтер Aspans Property бағдарламасының QR-кодтарын сканерлеу арқылы тіркелуі тиіс (Тапсырыс беруші тіркеу үшін авторизацияланған доменді ұсынады). Көрсетілген қызметтер актісімен бірге ұсынылатын фотоесеп жоғарыда аталған бағдарлама арқылы қалыптастырылуы тиіс. Осы талаптарға сәйкес фотоесеп болмаған жағдайда, қызмет көрсетілмеген болып

	есептеледі. Aspans Property бағдарламасының жұмысында ақаулар туындаған жағдайда, фотоесепті ұсыну тәсілдері Тапсырыс берушімен келісу арқылы айқындалады. Сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома 2027 жылғы 1 қаңтардан 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге есептелген. Шарт 2027 жылғы 1 қаңтардан кеш жасалған жағдайда жасалған шарттың жалпы сомасы шарттың қолданылу кезеңінің қысқаруына пропорционалды азайтылуға жатады.

Приложение 16
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Товарищество с ограниченной ответственностью "Astana Venue Management"
Наименование организатора	Товарищество с ограниченной ответственностью "Astana Venue Management"
№ конкурса:	№ 17995677-1
Наименование конкурса:	Услуги по техническому обслуживанию лифтового хозяйства здания на объекте «Дворец Мира и Согласия» на 2027–2028 годы
Номер лота:	№ 88362020-ОК1
Наименование лота:	Услуги по техническому обслуживанию лифтов/лифтовых шахт/эскалаторов/траволаторов/подъемников для инвалидов и аналогичного оборудования
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	331215.200.000000
Наименование услуги:	Услуги по техническому обслуживанию лифтов/лифтовых шахт/эскалаторов/траволаторов/подъемников для инвалидов и аналогичного оборудования
Единица измерения:	Одна услуга
Количество (объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	12068100
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	12068100
Срок оказания услуги:	согласно технической спецификации
Размер авансового платежа* *:	0 %
Гарантийный срок (в месяцах)	24

Описание требуемых характеристик, параметров и иных исходных данных	Услуги по техническому обслуживанию оказываются Исполнителем ежемесячно в соответствии с утверждённым графиком. 1. Наименование обслуживаемых лифтов: 1.1. Пассажирские электрические лифты «Siglen» — 4 единицы: • Грузоподъёмность — 1250 кг • Вместимость — 12 пассажиров • Номинальная скорость движения — 1 м/с • Скорость движения в режиме «Ревизия» — 0,21 м/с • Система управления — смешанная собирательная • Количество остановок — 9 • Количество дверей шахты — 9 • Высота подъёма — 44 м 1.2. Пассажирский гидравлический лифт «Siglen» — 1 единица: • Грузоподъёмность — 400 кг • Вместимость — 3 пассажира • Номинальная скорость движения — 1 м/с • Скорость движения в режиме «Ревизия» — 0,25 м/с • Система управления — электронная • Количество остановок — 2 • Количество дверей шахты — 2 Высота подъёма — 18,7 м

Условия к потенциальному поставщику в случае определения его победителем и заключения с ним договора о государственных закупках (указываются при необходимости) (Отклонение потенциального поставщика за не указание и непредставление указанных сведений не допускается)	Срок оказания услуг: С 1 января 2027 года по 31 декабря 2028 года (включительно). 2. Требования по ежемесячному техническому обслуживанию: 2.1. Осмотр тормозного устройства: 2.1.1. Проверить и отрегулировать зазоры: между ярмом и якорем зазоры должны быть 2-4 мм: между фрикционными накладками и тормозной полумуфтой зазоры должны находиться в пределах 0,5-0,8 мм; 2.1.2. Смазать шарниры; 2.1.3. Проверить и подтянуть крепления деталей и клеммных соединений проводов; 2.1.4. Проверить работу тормоза в одном и другом направлении при пробном пуске лифта по этажам, при этом точность остановки кабины на этажах должна находиться в пределах, не превышающих для грузовых лифтов, загружаемых посредством напольного транспорта, а так же для больничных лифтов +/- 15 мм, для остальных лифтов +/- 50 мм; 2.1.5. Проверить зазоры между витками пружин тормоза, зазоры должны быть не менее 1,5 мм: 2.1.6. Зафиксировать сжатие пружин контргайками. 2.2. Осмотр оборудования, установленного на верхней балке двери шахты лифтов с автоматическими раздвижными дверями: 2.2.1. Проверить и отрегулировать зазоры: между штоками блок-контактов ДЗ и площадками автоматических замков 1-1,5 мм: между защелками замков и упорами кареток 1-1,5 мм: между контрроликами и линейками не более 0,2 мм: между роликами замков и боковыми сторонами отводки 6-10 мм; 2.2.2. Проверить и отрегулировать: заход ролика замка в паз отводки 10-15 мм: зацепление пальцев рычагов с защелками замков- палец рычага должен перекрывать тело защелки не менее чем на 2 мм: провал штока блок-контакта ДШ должен быть 2-4 мм; 2.2.3. Отрегулировать упорные болты, фиксирующие положение створок, закрепить их контргайками; 2.2.4. Проверить и подтянуть крепления: линеек, контрроликов, кронштейнов замков, пальцев рычагов, упоров кареток, корпусов блок-контактов и клеммных соединений проводов; 2.2.5. Проверить исправность действия блок-контактов контроля запирания дверей шахты автоматическими замками и блок-контактов закрывания створок. Размыкание блок-контактов должно опережать открывание автоматического замка; 2.2.6. Проверить надежность работы замков дверей шахты. 2.3. Осмотр освещения и сигнализации; 2.3.1. Проверить исправность действия звуковой и световой сигнализации, переговорной связи; 2.3.2. Проверить и заменить сгоревшие лампы в сигнальных аппаратах, шахте и машинном помещении. 2.4. Осмотр панели управления: 2.4.1. Проверить и привести в соответствие с требованиями технических условий провалы и растворы контактов всех реле и контакторов, проверить выдержку реле времени; 2.4.2. Проверить и подтянуть клеммные соединения проводов, крепления корпусов электроаппаратов, устранить заедание в подвижных частях; 2.4.3. Очистить от нагара контактные поверхности реле и контакторов; 2.4.4. Убедиться в наличии и правильности заземления в соответствии с электросхемой лифта; 2.4.5. Проверить работу электросхемы и электроаппаратов во всех режимах работы лифта. 2.5. Осмотр канатоведущего шкива: 2.5.1. Убедиться в

	отсутствии сколов, трещин и других механических повреждений; 2.5.2. Проверить зазоры между канатами и дном ручья канатоведущего шкива, зазоры должны быть не менее 2 мм; 2.5.3. Убедиться в отсутствии неравномерности просадки канатов в ручьях, неравномерность просадки должна быть не более 0,5 мм; 2.5.4. Проверить и подтянуть крепление канатоведущего шкива. 2.6. Осмотр электродвигателя: 2.6.1. Проверить и подтянуть крепления буферных пальцев, клеммных соединений проводов, заземления; 2.6.2. Убедиться в надежности крепления соединительных полумуфт; 2.6.3. Проверить наличие смазки в подшипниках; произвести очистку электродвигателя. 2.7. Осмотр концевых выключателей: 2.7.1. Проверить и зачистить контактные поверхности, подтянуть крепления деталей и клеммных соединений проводов; 2.7.2. Проверить исправность действия концевого выключателя при переходе кабиной крайних остановок – 70-100 мм. 2.8. Осмотр канатов: 2.8.1. Очистить канаты от излишней смазки; 2.8.2. Убедиться, что количество обрывов проволочек на шаге свивки, обрывы прядей, поверхностный износ находятся в пределах, указанных в ПУБЭЛ; 2.8.3. Смазать канаты согласно карте смазки. 2.9. Осмотр направляющих кабины и противовеса: 2.9.1. Осмотреть и выверить по штихмасу прямолинейность направляющих в продольном и поперечном направлениях, а также их вертикальность. Расстояние по штихмасу между поверхностями направляющих кабины и противовеса должно быть выдержано с точностью до 2 мм по всей длине; 2.9.2. Убедиться в отсутствии выступов в местах стыков, смещение головок направляющих в местах стыков допускается не более 0,2 мм с обязательной зачисткой выступов; 2.9.3. Проверить и подтянуть крепления направляющих, кронштейнов и закладных деталей; 2.9.4. Очистить и смазать направляющие. 2.10. Осмотр башмаков кабины: 2.10.1. Проверить и отрегулировать зазоры между направляющими и рабочими поверхностями вкладышей башмаков кабины. Зазоры в продольном направлении должны быть не более 4 мм, в поперечном направлении не более 2 мм на сторону. 2.11. Осмотр этажных переключателей: 2.11.1. Проверить и отрегулировать зазоры между торцами осей роликов и дном комбинированной отводки, зазоры должны быть в пределах 10-12 мм; 2.11.2. Проверить положение этажных переключателей относительно комбинированной отводки: при нахождении роликов в прямолинейной зоне отводки их рычаги должны находиться в вертикальном положении; 2.11.3. Зазоры между корпусом этажного переключателя и комбинированной отводкой должны быть в пределах 10-15 мм; 2.11.4. Подтянуть крепления всех деталей и клеммных соединений проводов; 2.11.5. Отрегулировать провалы контактов 2-4 мм; 2.11.6. Смазать оси роликов. 2.12. Осмотр раздвижных дверей шахты; 2.12.1. Проверить и отрегулировать зазоры между обрамлением портала и створками 3-5 мм; 2.12.2. Проверить и отрегулировать зазоры между порогом и нижними торцовыми поверхностями створок двери шахты 3-5 мм; 2.12.3. Проверить и протянуть крепления створок, башмачков, амортизаторов;

	2.12.4. Убедиться, что при закрытии створки не заедают. 2.13. Осмотр раздвижной автоматической двери кабины: 2.13.1. Проверить и отрегулировать зазоры между обрамлением створок и обрамлением стенки кабины 3-5 мм 2.13.2. Проверить и отрегулировать зазоры между порогом кабины и нижними торцовыми поверхностями створок 3-5 мм: между контрроликами и линейками не более 0,2 мм; 2.13.3. Проверить и отрегулировать зазоры между роликом водила и упором каретки между упором и головкой регулировочного болта механического замка двери кабины 1-2 мм; 2.13.4. После окончания регулировки положение болта должно быть зафиксировано контргайкой; 2.13.5. Проверить и отрегулировать провалы контактов контроля закрытия двери кабины; 2.13.6. Проверить и отрегулировать провалы контактов концевых выключателей на отключение электропривода при открытии и закрытии створок дверей кабины 2-4 мм; 2.13.7. Проверить и при необходимости долить масло в редуктор привода дверей; 2.13.8. Отрегулировать натяжение ремня механизма открытия створок; 2.13.9. Отрегулировать натяжение троса связи створок; подтянуть крепление деталей механизма открытия створок дверей кабины, пружины закрытия створок, кареток, упоров, створок двери кабины, линеек, роликов, башмачков, отводок, блок-контактов и их корпусов, клеммных соединений проводов. 2.14. Осмотр кнопочного поста управления в кабине: 2.14.1. Убедиться в том, что при нажатии любой кнопки приказа кабина придет на тот этаж, на который она была направлена; 2.14.2. Проверить состояние кнопок и надписей к ним: при прекращении нажатия на них они должны свободно возвращаться в исходное положение; 2.14.3. Проверить исправность действия кнопки «Стоп». 2.15. Осмотр вызывных аппаратов: 2.15.1. Проверить и подтянуть крепление клеммных соединений проводов и деталей, очистить от нагара контактные поверхности; 2.15.2. Проверить исправность работы вызывных аппаратов. 2.16. Осмотр подвески кабины и противовеса: 2.16.1. Проверить состояние балансира, при перекосе выровнять плечи; 2.16.2. Проверить и подтянуть крепления зажимов, обратив внимание на наличие контргаек, шплинтов и контргаек на канатодержателях и у валиков балансира. Концы шплинтов должны быть укорочены до необходимой длины и разведены, а контргайки затянуты; 2.16.3. Смазать шарниры балансирной подвески согласно карте смазки. 2.17. Осмотр противовеса: 2.17.1. Проверить и отрегулировать зазоры между направляющими и вкладышами башмаков: зазоры должны быть по штихмасу не более 4 мм, в поперечном направлении не более 2 мм на сторону; 2.17.2. Убедиться в отсутствии трещин и сколов в наборном грузе; 2.17.3. Убедиться в надежности крепления наборного груза прижимными планками, смещение отдельных грузов в сторону не должно превышать 5 мм; 2.17.4. Долить масло в смазывающие аппараты; 2.17.5. Проверить и подтянуть крепления башмаков, деталей каркаса. 2.18. Осмотр купе кабины: 2.18.1. Проверить и подтянуть крепления купе в каркасе, декоративного пластика, обрамления, филенок; 2.18.2.

	Проверить наличие Правил пользования лифтом и предупредительных надписей (при их отсутствии повесить новые). 2.19. Осмотр натяжного устройства ограничителя скорости; 2.19.1. Очистить натяжное устройство от грязи и пыли; 2.19.2. Осмотреть устройство и подтянуть крепления; 2.19.3. Смазать оси шарниров и шкива; убедиться в отсутствии сколов, трещин и других дефектов; 2.19.4. При отклонении натяжного устройства от горизонтали более чем на 33 град. перепасовать канат ограничителя скорости. 2.20. Осмотр вводного устройства: 2.20.1. Произвести визуальный осмотр частей, оставшихся под напряжением, при необходимости снять напряжение; 2.20.2. Проверить и подтянуть крепление заземляющего проводника; 2.20.3. Проверить и подтянуть клеммные соединения проводов; 2.20.4. Проверить и отрегулировать зазоры между губками пинцетов, зазоры должны быть равны половине толщины ножей; 2.20.5. Убедиться в исправности цепи заземления. 2.21. Осмотр буферных устройств: 2.21.1. Проверить правильность установки; 2.21.2. Проверить наличие масла в гидравлических буферах. 2.22. Осмотр заземления электрооборудования и изоляции проводов лифта: 2.22.1. Осмотреть состояние соединений заземляющих проводников; 2.22.2. Осмотреть состояние изоляции проводов. 3. Исполнитель должен выставить пост на объекте Заказчика каждый день, с 08:30 до 18:30 и во время мероприятий до их окончания для предотвращений поломок лифта и устранения текущих поломок; 3.1. Пост должен вести контроль погружаемого в лифт материала с начала и до окончания проводимых мероприятий. 4.Общие условия оказания услуг: 4.1. Все расходные материалы, ремонтные работы и оборудования вышедший из строя или необходимые для технического и сервисного обслуживания во время действия договора, Исполнитель должен закупить и установить за свой счет при условии, что сумма не превышает 20% от ежемесячной суммы. 4.2. Обеспечить круглосуточный вызов квалифицированных специалистов по требованию Заказчика вовремя неисправности лифтов, не смотря на выходные, праздничные или рабочие дни в течении 30 минут. 4.3. Обеспечить проверку и испытания лифтов на функционирование перед каждым мероприятием, по плану мероприятий, выдаваемым Заказчиком в начале каждого месяца, за двое суток до начала мероприятия. Проведение проверки подтверждается составлением соответствующего акта. На каждое мероприятие Исполнитель должен увеличить количество постов до двух. 4.4. Выполнять, в установленные сроки, предписания органов Госгортехнадзора РК и информирует Заказчика о поступивших предписаниях контролирующих органов. 4.5. Останавливать работу лифтов при выявлении нарушений и неисправностей, которые могут привести к аварии или к несчастному случаю, до их устранения. 4.6. Соблюдать технику безопасности, пожарную безопасность, а также положения действующих нормативных актов, инструкций, правил, предписаний, разработанных уполномоченными органами Республики Казахстан. 4.7. Выполнять все обязательные услуги в соответствии с требованиями и в

	сроки Законом Республики Казахстан «О гражданской защите». «Подготовка, переподготовка специалистов, работников опасных производственных объектов и иных организаций по вопросам промышленной безопасности». Правилами обеспечения промышленной безопасности при эксплуатации грузоподъемных механизмов, утвержденных Приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан (далее - ПРАВИЛА), согласно графикам технического обслуживания, планово-предупредительным работам (далее ППР). 4.8. Обеспечить надёжную и безопасную работу всего оборудования, расположенного в здании в период до очередного его капитального ремонта по графику планово-предупредительных работ. 4.9. Обеспечить проведение периодического технического освидетельствования лифтов Заказчика, согласно ПРАВИЛ, 1 раз в год в присутствии представителя уполномоченного органа и представителя Заказчика, а также в иных полных и частичных освидетельствований в случае необходимости. 4.10. Проводить периодические осмотры и техническое обслуживание в соответствии с ПРАВИЛАМИ и инструкциями завода изготовителя не противоречащим правилам РК. 4.11. Разработать и ввести в действие регламентирующий документ по организации и проведению работ при техническом обслуживании и ремонта лифтов в соответствии с ПРАВИЛАМИ, который предусматривает работы по техническому обслуживанию и ремонту лифтов (в обязательном порядке предоставлять график) 4.12. Утвердить Приказом по предприятию ответственное лицо за организацию работ по техническому обслуживанию, в соответствии с ПРАВИЛАМИ, должностными инструкциями (положениями) и иными нормативными техническими документами; 4.13 Во время проведения мероприятий сотрудники потенциального Исполнителя обязаны вести контроль работы лифтов течение всего времени проведения мероприятия. 4.14. Исполнитель должен обеспечить проверку и испытания лифтов на функционирование перед каждым мероприятием, по плану мероприятий, выдаваемым Заказчиком в начале каждого месяца, за день до начала мероприятия. 4.15. Сотрудники Исполнителя должны находиться на объекте в спец. одежде, экипированными и оснащёнными всеми соответствующими специализированными инструментами всех видов и назначений, измерительными и диагностическими приборами для обнаружения неисправностей лифта. 4.16. В случае проникновения атмосферных осадков (в виде дождя) в лифтовую шахту, в целях предотвращения попадания воды, электромеханики обязаны по согласованию с Заказчиком остановить лифт и зафиксировать на соответствующем этаже, с размещением соответствующего уведомления. 4.17. В случае поступления воды (грунтовой, талой) в приямки шахты лифтов заказчик обязан произвести мероприятия по откачке воды и осушению приямка лифтов при содействии потенциального исполнителя. 4.18. Обеспечить срок устранения аварийных ситуаций на лифтах, не связанных с масштабными поломками или форс-мажорными обстоятельствами не превышающий 5 часов с момента поступления заявки диспетчеру, работы производить в рабочее время с 9-00 до 19-00ч.

	4.19. Освобождение людей, оставшихся в сломанном лифте в любое время не более 1 часа с момента подачи заявки на телефон диспетчерской. 4.20. Обеспечить чистоту на рабочем месте после окончания произведенных работ; 4.21. Принимать участие в проверках, проводимых уполномоченными на эти организации. 4.22. Участвовать в комиссии по составлению акта на вывод лифта (оборудования) из строя по причине умышленной его порчи для привлечения виновных к ответственности и определения стоимости ремонта. 4.23. Внедрять по согласованию с Заказчиком мероприятия, направленные на повышение надежности работы лифтов и экономию электроэнергии при условии финансирования данных услуг Заказчиком. 4.24. Хранить полученные паспорта лифтов, и вносить необходимые изменения и дополнений во время проведения услуг, связанных с модернизацией, заменой деталей лифтов и лифтового оборудования, капитального или восстановительного ремонта в паспорта лифтов, нести ответственность за хранение паспортов. 4.25. Согласовывать с Заказчиком отклонения от графика планово-предупредительного ремонта в связи с изменением условий эксплуатации лифта (порча оборудования из-за заливания водой, обмерзания в зимнее время и др.). 4.26. Незамедлительно уведомлять Заказчика при остановке лифта сроком более 12 часов. 4.27. Устранять за свой счет все неисправности лифтов, явившихся следствием ненадлежащего технического обслуживания. 4.28. Гарантировать качество выполненных услуг по техническому обслуживанию лифтов и их соответствие требованиям нормативных документов и эксплуатационной документацией завода – изготовителя в соответствии с трудовым распорядком Заказчика, кроме выходных и праздничных дней. 4.29. Разрабатывать и согласовывать планы работ, сроки технических осмотров и графики проведения, текущих и плановых ремонтов лифтов и их изменений с заказчиком и строго придерживаться его. 4.30. Своевременно уведомить Заказчика о необходимости замены морально и физически устаревших лифтов, а также отдельных деталей, узлов и механизмов, дальнейшая эксплуатация которых не обеспечивает безопасную и бесперебойную работу лифтов. 4.31. Останавливать работу лифтов, при нарушении пассажирами ПРАВИЛ. В этих случаях лифты может запустить в эксплуатацию только исполнитель, после устранения Заказчиком всех нарушений. 4.32. Разработать, согласовать и разместить в кабинах лифтов Правила пользования лифтом с контактами аварийной и диспетчерской службы исполнителя. 4.33. Своевременно информировать Заказчика об изменениях требований и правил технической безопасности при эксплуатации лифтов, а также давать рекомендации о возможных технических усовершенствованиях и нарушениях Правил пользования лифтами или актов вандализма. 4.34. Обязательным условием является ведение журнала учета проведенных работ с указанием даты, перечня проводимых услуг по техническому обслуживанию лифтов за подписью представителей Исполнителя и Заказчика. 4.35. Соблюдать требования Трудового кодекса Республики Казахстан при организации

	работ. 4.36. Предоставить планы работ в течении 5 календарных дней после подписания договора и расшифровку сумм с указанием стоимости часовой ставки поста. 4.37. Вместе с АВР посредством портала государственных закупок предоставлять отчет с расшифровкой сумм по проведенному ежемесячному техническому обслуживанию с приложением фотоотчета оказанных услуг. 4.38.В обязательном порядке составлять дефектный акт в составе комиссии на все выявленные дефекты и неисправности. 4.39. В случае непредоставления Исполнителем требуемых постов, а также несоблюдении требуемых условий договора Заказчик оставляет за собой права уменьшать сумму договора. 4.40. Оплата будет производится заказчиком ежемесячно согласно условиям договора не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания электронного акта оказанных услуг, выставленного поставщиком не ранее 30/31 числа месяца и не позднее 10 числа следующего месяца, только по фактически оказанным услугам, в полном объеме, за месяц. Примечание. 1. Все оказываемые услуги должны фиксироваться посредством сканирования QR-кодов программы Aspans Property (Заказчиком будет предоставлен авторизованный домен для фиксации). Фотоотчет, предоставляемый вместе с актом оказания услуги должен быть сформирован посредством вышеуказанной программы. В случае отсутствия фотоотчета с данными условиями оказание услуги является недействительным. Если же в случае неполадок в работе самой программы Aspans Property способы предоставление фотоотчета производятся по согласованию с Заказчиком. Сумма, выделенная на осуществление закупки рассчитана на период с 01 января 2027 года по 31 декабря 2028 года. В случае заключения договора позднее 01 января 2027 года, общая сумма заключенного договора подлежит уменьшению пропорционально сокращению периода действия договора.